ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӨНЕРКӘСІП ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС МИНИСТРЛІГІ
ҚҰРЫЛЫС ЖӘНЕ ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ
ШАРУАШЫЛЫҚ ІСТЕР КОМИТЕТІНІҢ
«ЖОБАЛАРДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ВЕДОМСТВОДАН
ТЫС САРАПТАУ» ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ
ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
КӘСІПОРНЫ
(«МЕМСАРАПТАМА» РМК)

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
ПРЕДПРИЯТИЕ НА ПРАВЕ ХОЗЯЙСТВЕННОГО
ВЕДЕНИЯ «ГОСУДАРСТВЕННАЯ
ВНЕВЕДОМСТВЕННАЯ ЭКСПЕРТИЗА ПРОЕКТОВ»
КОМИТЕТА ПО ДЕЛАМ СТРОИТЕЛЬСТВА И
ЖИЛИЩНО-КОММУНАЛЬНОГО ХОЗЯЙСТВА
МИНИСТЕРСТВА ПРОМЫШЛЕННОСТИ И
СТРОИТЕЛЬСТВА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
(РГП «ГОСЭКСПЕРТИЗА»)

Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Байқоңыр ауданы,
Күлтөбе қысқа көшесі, 7 ғимарат. Тел: 8 (7172) 57-44-84, факс: (7172) 54-14-93
e-mail: gosexpertiza@gosexpertiza.kz

Республика Казахстан, 010000, г. Астана, район Байконыр,
переулок Култобе, здание 7. Тел: 8 (7172) 57-44-84, факс: (7172) 54-14-93
e-mail: gosexpertiza@gosexpertiza.kz

25.06.2025 № 01-01-11/3228

«ИлЕр Distribution» ЖК
Рахимов Жанияр Зауырбекович
Email: info@iler.kz

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің «Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) «Мемсараптама» РМК сервері үшін үздіксіз қоректендіру көздерін мемлекеттік сатып алу (бұдан әрі – конкурстық құжаттама) №73318517-ОК1 сатып алуға қатысты 2025 жылғы 18 маусымдағы № 261116 шағымыңызды қарап, өз құзыреті шеңберінде келесіні хабарлайды.

Конкурстық құжаттама 2025 жылғы 28 мамырда жарияланды, хабарландыру нөмірі 14839373-1. Талқылау кезеңінде әлеуетті өнім берушілерден тапсырыс берушінің конкурстық құжаттамасына ескертулер келіп түсті, оның нәтижелері бойынша конкурстық құжаттамаға өзгерістер/толықтырулар енгізілді (2025 жылғы 03 маусымдағы № 15149381 конкурстық құжаттамаға жобаны алдын ала талқылау хаттамасы).

Енгізілген өзгерістерді ескере отырып, конкурстық құжаттама 2025 жылғы 04 маусымда қайта жарияланды, хабарландыру нөмірі 14839373-2.

Тапсырыс берушінің конкурстық құжаттамасының 13-қосымшасына сәйкес бекітілген техникалық ерекшелікте «контрафактілік өнімді жеткізуді болдырмау мақсатында әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінім құрамында өндірушілердің не олардың ресми өкілдерінің (дилерлердің немесе дистрибьюторлардың) авторландырылған хатының көшірмесін ұсынуға тиіс» деп көрсетілген.

Әлеуетті жеткізуші «Paida» ЖШС 2025 жылғы 10 маусымдағы № 11006/1 авторизациялық хатты ұсынды, онда конкурс нөмірінде жаңылыс кеткен, атап айтқанда № 14839373-**2** орнына № 14839373-**1** көрсетілген, бұл грамматикалық қате болып табылады және ұсынылған өтінімнің мәнін қозғамай түзетілуі мүмкін. Бұл ретте әлеуетті жеткізуші лот нөмірін дұрыс көрсеткен - № 73318517-ОК1.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 214-тармағына сәйкес егер конкурсқа қатысуға өтінімде ұсынылған конкурсқа қатысуға өтінімнің мәнін қозғамай түзетуге болатын грамматикалық немесе арифметикалық қателер болса, ол конкурстық құжаттаманың талаптарына сай келеді деп танылады.

Жоғарыда баяндалған мәліметтер негізінде жіберілген жаңылыс грамматикалық қате болып табылатынын және ұсынылған өтінімнің мәнін қозғамай түзетілуі мүмкін екенін хабарлаймыз, осыған байланысты «PAIDA» ЖШС әлеуетті өнім берушісінің өтінімі негізді түрде (2025 жылғы 17 маусымдағы № 15233542 қорытынды хаттамасымен) жіберілді.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 100-бабының 6-тармағына, сондай-ақ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 01 шілдедегі №106-VIII ҚРЗ Заңының 25-бабының 2-тармағына сәйкес шағымды қарайтын органның шешімімен келіспеген жағдайда, осы шешімге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін екендігін хабарлаймыз.

Карагойшин Т.Д.
Генеральный директор
РГП "Госэкспертиза"

Орынд.: Кабашова Н.Б.
235018

Жумашова М.Б.
Главный специалист
РГП "Госэкспертиза"

Идрисова З.М.
Начальник управления
РГП "Госэкспертиза"

У А.Л.
Заместитель руководителя комплаенс-службы
РГП "Госэкспертиза"

Кабашова Н.Б.
Главный специалист
РГП "Госэкспертиза"